

Мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 283 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік мекемелердің Ережелері осы қаулының қосымшаларына сәйкес бекітілсін:

1) 1-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

2) 2-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

3) 3-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

4) 4-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

5) 5-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

6) 6-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

7) 7-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

8) 8-қосымшаға сәйкес Қазығұрт ауданы әкімдігінің "Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының бірінші тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат

институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.А.Исмаилов

Қазығұрт ауданы әкімдігінің

2024 жылғы 29 тамыздағы

№ 283 қаулысына 1 – қосымша

"Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі экономика және қаржы саласында мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті, Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

2. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт ауылы, Ә.Тоғаев көшесі №2 үй, индекс 160300.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қазығұрт ауданының әкімдігі болып табылады. Осы Ереже "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: аудандық бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, ауданның коммуналдық меншігі мен бюджеттік қаражаттарды басқару, ауданның аумағында экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау және басқару жүйесін қалыптастыру және дамыту саласында мемлекеттік басқару.

15. Мақсаттары:

1) аудандық бюджеттің атқарылуы, мемлекеттік меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) ауданның бюджеттік қаражаттарын және Аудан әкімдігінің коммуналдық меншік объектілерін басқару;

3) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын қалыптастыру;

4) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарымен өзара әрекеттестікте бюджеттік инвестициялық саясатты қалыптастыру;

5) аудан әкімі мен әкімдігінің тапсырмасы бойынша аса маңызды бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

16. Функциялары:

- 1) аудан бюджетінің атқарылуын қамтамасыз ету;
- 2) аудан бюджетін нақтылау бойынша ұсыныстар дайындауға қатысу;
- 3) бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қызметін үйлестіру;
- 4) аудандық бюджетті атқару барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалауды қорытындылау;
- 5) аудан бюджетінің атқарылуы бойынша есеп-қисап жасау;
- 6) бюджеттік есеп жүргізуді қамтамасыз ету;
- 7) бюджеттік жүйедегі бюджеттік және бухгалтерлік есеп пен есептілікті дамытуға және жетілдіруге қатысу;
- 8) аудандық бюджетті қаржыландыру және түсімдердің жиынтық жоспарын бекіту және өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету;
- 9) міндеттемелерді уақытында қабылдау, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдерді уақытында өткізбеу себептерін анықтау мақсатында аудан бюджетінің атқарылуының күнделікті және ай сайынғы мониторингін жүргізу, аудан бюджетінің түсімдері мен шығыстарының атқарылу болжамын жасау;
- 10) мемлекеттік мекемелердің тіркелген, орындалмаған және төленбеген міндеттемелерін талдау;
- 11) мемлекеттік мекемелер міндеттемелерінің уақытында орындалуы бойынша ұсыныстар әзірлеу және шешімдер қабылдау;
- 12) жергілікті бюджет бойынша қолма - қол ақша ресурстарын талдау және болжам жасау;
- 13) мемлекеттік мекемелермен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін, мемлекеттік мекемелер бойынша олардың иелігінде қалған, бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен ұсынылған ақшаның түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарларын келісу;
- 14) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарау және оларды мақұлдаған жағдайда төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды ресімдеу;
- 15) аудан бюджетінің ай сайынғы және жылдық түсімдері мен шығыстарын түзетуді қажет ететін факторлар пайда болған жағдайда, аудан бюджетінің түсімдері мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларын бекіту және өзгерістер енгізу;
- 16) ауданда мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша мониторинг жүргізу;
- 17) берілген бюджеттік кредиттердің есебін жүргізу, мониторингін жүргізу және қайтару;
- 18) бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттің атқарылуы жөнінде ай сайынғы талдау есебін дайындау;

- 19) аудан бюджетінің атқарылуы жөніндегі есеп-қисап және ауданның мемлекеттік мекемелерінің дебиторлық және кредиторлық қарыздары жөнінде есептер құрастыру;
- 20) Мекеменің бюджеттік жобаларын әзірлеу және оны аудан әкімдігіне бекітуге ұсыну, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 21) Мекеменің операциялық жоспарын бекіту;
- 22) өз құзыреті шегінде Аудан әкімі мен әкімдігінің нормативтік, нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу және дайындау;
- 23) заңнамалық актілерге сәйкес Аудан әкімдігінің коммуналдық меншігін басқару, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, мемлекеттік мүлікті тиімді және ұтымды пайдалану мәселелері бойынша жұмыс жүргізу;
- 24) жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз немесе кейіннен сатып алу құқығымен аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін мүліктік жалдау (жалға беру), сенімді басқаруға беру;
- 25) сауда жүргізу, тендер жағдайында аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін мүліктік жалға немесе сенімді басқаруға беру жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың құрамы бойынша ұсыныстар енгізу;
- 26) сенімді басқарушымен аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін сенімді басқару шарты бойынша міндеттемелердің орындалуына бақылауды жүзеге асыру;
- 27) аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін сатудан, аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін мүліктік жалдау (жалға беру), сенімді басқаруға беруден аудандық бюджеттің кірісіне түсетін түсімдердің толықтығы және уақытында түсуіне бақылауды жүзеге асыру, қарыздарды өндіріп алу бойынша шаралар қолдану;
- 28) аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін коммуналдық заңды тұлғаларға бекіту жөніндегі аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындау;
- 29) активтерді мемлекеттік мекемелердің теңгерімінен теңгеріміне беруді жүзеге асыру, негізгі құрал-жабдықтарды олардың теңгерімдерінен есептен шығару бойынша жұмысты жүргізу, мемлекеттік меншік объектілеріне меншік құқығын растауды жүзеге асыру;
- 30) аудан әкімдігінің коммуналдық мүлігінің пайдаланылуы және сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;
- 31) аудан әкімдігінің коммуналдық меншігіне айналдырылған (түскен), Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған мүліктің, олжаның, қараусыз қалған жануарлардың, мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұрмайтын қазына үлестерін есепке алуды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастыру;
- 32) мүлікті қабылдау – тапсыру актілерін бекіту;

33) аудан әкімдігінің коммуналдық меншік объектілерінің сату алдындағы дайындық жұмысын жүргізу, сатып алу – сату, мүліктік жалдау, сенімді басқару шарттарын, өз құзыреті шеңберінде басқа да шарттарды ресімдеу, сондай-ақ осы шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру, жалгерлік ақы құнының мөлшерін есептеу;

34) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген жағдайларда жергілікті атқарушы органмен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау бойынша есептерді қарау, келісу және бекіту;

35) жергілікті атқарушы органмен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын талдауды және бақылауды жүзеге асыру;

36) мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық қызметінің ағымдағы және перспективті жоспарларын, оның ішінде жоспарлы қаржылық көрсеткіштерді, мерзімділігін және оларды ұсыну тәртібін қарау;

37) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы – шаруашылық қызметінің тоқсан сайынғы мониторингін жүргізу;

38) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы – шаруашылық қызметінің жоспарларын әзірлеуге бақылауды жүргізу;

39) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы – шаруашылық қызметі жоспарларының орындалуы бойынша есептердің жасалуына бақылауды жүргізу;

40) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы есебінің халықаралық стандарттарға көшуі бойынша мониторинг жүргізу;

41) шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін, сондай-ақ аудан әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі қазыналық кәсіпорындардың сметадан артық кірісін аудандық бюджеттің кірісіне уақытылы және толық есептелуі мен аударылуына бақылауды жүзеге асыру;

42) мемлекеттік акция пакеттеріне дивиденттердің уақытылы және толық есептелуі мен аударылуына бақылауды жүзеге асыру;

43) мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың және мемлекеттік қатысу үлесімен акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізілімін жүргізу, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы мүліктерді түгендеу және есепке алу;

44) жекешелендіру облыстың жергілікті атқарушы органының алдын ала келісімімен жүргізілуі мүмкін аудан әкімдігінің коммуналдық меншігі объектілерінің тізбесіне енгізілген Аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін жекешелендіру бойынша облыстық жергілікті атқарушы органның алдын ала келісімін алу;

45) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен сәйкес аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурс өткізу;

46) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларда аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін бағалауды жүргізу бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу;

47) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларда аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін бағалауды жүргізу бойынша конкурстың жеңімпаздарымен шарттар жасау;

48) аудан әкімдігінің коммуналдық мүлкін жекешелендіруді жүзеге асыру, оның ішінде жекешелендіру үрдісін ұйымдастыру үшін делдалдарды жұмылдыру, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісін сатып алу – сату шарттарын әзірлеуді және жасауды және сатып алу – сату шарттарының талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыру;

49) жекешелендіру объектілерін жеке сауда – саттық бойынша бөлу, сондай-ақ оларды өткізу мерзімін белгілеу;

50) жекешелендіру объектісінің әр қайсысы бойынша сауда – саттық нысанын анықтау, заңнамалық актілермен көзделген жағдайлардан басқа;

51) жекешелендіру объектілерінің бастапқы, мәрелік және ең аз бағасын анықтау және бекіту;

52) кепілдік жарналарды қабылдау және қайтару;

53) ұйымдастырушылармен сауданы ұйымдастыру және өткізуге шарттар жасау;

54) аукциондарды ұйымдастыру және өткізу барысына бақылауды жүзеге асыру;

55) сауда жеңімпаздарымен сатып алу – сату шарттарын жасау және олардың орындалуын бақылау;

56) сауда жүргізу рәсіміне байланысты қатысушылармен, сатып алушылармен және Ұйымдастырушылармен есеп айырысуды жүзеге асыру;

57) жекешелендіруден кейінгі бақылауды жүзеге асыру;

58) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу және оны аудан әкімдігіне мақұлдауға ұсыну;

59) аудан дамыту бағдарламаларын әзірлеу және оларды аудандық мәслихатқа бекітуге ұсыну;

60) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау;

61) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және бюджеттік параметрлер негізінде жергілікті бюджетке түсімдер көлемін болжау;

62) жергілікті бюджеттік инвестициялық басым жобалар (бағдарламалар) тізбесін әзірлеу;

63) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларына аудандық бюджет шығыстарының көлемін қалыптастыру;

64) аудандық бюджеттің жобасын әзірлеу және мәслихатқа бекітуге ұсыну;

65) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бюджетті орындау жөнінде жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті қаржылық жылға жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімдерін іске асыру туралы әкімдіктің қаулысын әзірлеу;

66) олардың қызметін қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім және спорт, мәдениет және тілдерді дамыту, ішкі саясат, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, сәулет және аудан құрылысы, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы және ветеринария мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың шығыстарына аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарлары, бюджеттік өтінімдері бойынша қорытынды жасау, қарау және бағалау;

67) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;

3) құзыретіне жататын аудан әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) мүдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазығұрт ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

21. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) сенімхаттар береді;
- 4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктері Қазақстан Республикасының экономика және қаржы саласындағы заңнамасында анықталған "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен функциялары негізінде белгіленеді.

23. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі: сағат 9.00 – 19.00, түскі үзіліс сағат 13.00 – 15.00, аптасына бес жұмыс күні, демалыстар: сенбі-жексенбі және мереке күндері.

4. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 2 – қосымша

"Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі) жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі азаматтық құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өз күзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №88үй, индекс 160300.

10. Осы ереже Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құрылтайшысы Қазығұрт ауданы әкімдігі болып табылады.

11. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым- қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- Халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік бағдарламалар саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мүдделерін білдіру;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;
- Қарамағындағы мекемелердің қызметін үйлестіру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;

2) Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;
- Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;
- мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;
- мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын әзірлейді;

3) жергілікті деңгейде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

4) көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандарды және тұрмысы қолайсыз отбасыларды анықтайды және оларды есепке алуды жүргізеді;

6) жәбірленушілерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;

7) тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынылу қажеттіліктеріне талдау жүргізуді қамтамасыз етеді және білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар жібереді;

8) әлеуметтік шиеленіске және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады;

9) аудандағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау және облыстың жергілікті атқарушы органына хабарлау;

10) облыстың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

11) өңірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;

12) ұлттық жобалар, облыстың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асыру;

13) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы ауданның жұмыс орындарын құруды қолдау;

14) облыстың жергілікті атқарушы органдарына жұмыс күшінің мобильділігін арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау бойынша ұсыныстар енгізу;

15) жұмыс орындарының босау және қысқару тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингтеуді жүзеге асыру;

16) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек мобильділігі орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;

17) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың, босқындардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек көрсетеді;

18) өздерінің қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді құру және олардың қызметі;

19) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуы;

20) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

21) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

22) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі

көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

23) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

24) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

25) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

26) мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

27) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

28) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету;

29) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы аудан әкімдігінің қаулысын әзірлейді;

30) интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы аудан әкімдігінің қаулысын әзірлейді;

31) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдеседі;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді;

33) мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;

34) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

35) бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй көмегін көрсетеді;

36) мемлекеттің кәмелетке толғандарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асырады;

37) еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу;

38) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы біріңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

3) бұйрықтар шығарады және Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) қызметтік құжаттарға қол қояды;

5) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) Мекеме қызметкерлерінің белгіленген саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде штат кестелерін бекітеді;

7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісін және мекеменің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

8) өз құзыреті шегінде Мекеменің қаражаты мен мүлкіне иелік етеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.

24. Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің " Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 3 – қосымша

"Қазығұрт аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 16.03.2026 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі) мемлекеттік басқаруды заңнамада көзделген шекте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарын дамыту саясаты саласында (ларында) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан

Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

2. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №95 үй, индекс 160300.

10. Осы ереже Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу және мемлекеттік тұрғын үй қорын басқару, тұрғын үйді инспекциялау болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органның қарауына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызмет хат алмасу жүргізу;

- ауданның атқарушы органдарынан қажетті құжаттарымен, ақпараттар, қажетті қызметтері бойынша жергілікті атқарушы органдардың жекелеген лауазымдық тұлғалардан түсініктемелер сұратуға;

- Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, облыс, аудан әкімдігінің қаулылары мен әкімнің шешім, өкімдерінің орындалуына тексерулер жүргізу, орындалмау себептерін анықтау және анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау.

- аудандық әкімдіктің және мәслихаттың мәжілістеріне, аудандық, аумақтық және өзге де атқарушы органдардың жиналыстарына қатысу.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;

2) Міндеттері:

1) жергілікті, өкілетті және атқарушы органдардың актілерін жасауға қатысады және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, ауданның тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жақсарту, жолаушылар көлігі мен тасымалдауды ұйымдастыру, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету; коммуналдық тұрғын үйлерді беру және оны жекешелендіру мәселелері бойынша ұсыныстарды аудан әкімдігінің қарауына енгізеді;

2) объектілермен коммуникациялардың құрылысын, қайта құрылуын, қалпына келтіру, күрделі жөнделуін, аумақтардың абаттандырылуын, көгалдандырылуын реттейтін мәселелердің нормалары мен ережелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды;

3) шаруашылық құрылымдық бөлімшелердің, ведомствоға қарасты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін басқаруды жүзеге асырады, белгіленген тәртіпте оларды құру, қайта құру және тарату бойынша ұсыныстар дайындайды.

4) мекеменің құзыреті шегінде тұрғын үй –коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары кәсіпорындарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

5) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі саласында бағаның қалыптасуына талдау жүргізеді;

6) экономикалық тұрақты жұмысты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасайды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысын бақылауды жүзеге асырады;

7) коммуналдық шаруашылықты қысқы мезгілдегі жұмысқа дайындау бойынша кәсіпорындар қызмет берушілермен тұтынушылардың (ПИК) қызметін үйлестіреді және жұмысына бақылауды қамтамасыз етеді;

8) халыққа және бюджеттік сала объектілеріне кәсіпорындар ұсынатын коммуналдық қызметтерге, жолаушыларды тасымалдауға бағалар мен тарифтердің дәлелділігін келіседі және тексереді, олар бойынша қорытындылар береді және баға мен монополияға қарсы саясат бойынша облыстық мемлекеттік комитетке келісуге ұсыныстар енгізеді;

9) коммуналдық қызмет көрсетуді жетілдіру, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі жүйесін ұйымдастыру, мемлекеттік тұрғын үй қорын есепке алуды және бөлуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді және аудан әкімдігінің қарауына енгізеді;

10) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою үшін азаматтардан белгіленген тәртіппен құжаттар, өздері тұрып жатқан тұрғын алаңды жекешелендіруге өтініштер мен құжаттар қабылдайды;

11) тұрғын үй мәселесі бойынша азаматтардан, ұйымдардан, мекемелерден келіп түскен өтініштерді қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж азаматтарды есепке алу жағдайын талдайды, тұрғын үй комиссиясының қарауына тиісті ұсыныстар енгізеді;

12) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру және жекешелендіру туралы аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындайды, тұрғын үй саясаты мәселесі бойынша аудан әкімдігінің құқықтық актілерін әзірлеуге қатысады;

13) белгіленген тәртіппен:

-мемлекеттік тұрғын үй қоры үйлеріндегі тұрғын жайларға қоныстану құқығына жалдау шарттарын;

-қызметтік тұрғын жайларын алуға жалдау шарттарын;

-тұрғын үйлерді жекешелендіру туралы шарттарды рәсімдеуді жүзеге асырады.

14) тұрғын үй комиссиясының жұмысын қамтамасыз етеді, бөлім құзыретіне қатысты мәселелер бойынша азаматтарды қабылдауды ұйымдастырады;

15) автобустарды, шағын автобустарды және таксилерді қолданумен жолаушылар тасымалын ұйымдастырады;

16) жолаушыларды және жүкті тұрақты аудандық автомобильдермен тасымалдау бағыттарына қызмет көрсету құқығына конкурстарды ұйымдастырады;

17) автомобиль жолдарын дамытудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады;

18) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сай бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;

19) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық зерттеуді ұйымдастырады;

20) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізудің тізбесін және кезектілігін айқындайды;

21) кондоминиум объектісінің басқару органы ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған, тұрғын үй көмегінің қатысуымен қаржыландырылатын шығыстардың сметасын келіседі;

22) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша атқарылған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысады;

23) елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру бойынша тұрғын үй инспекциясының жұмысын ұйымдастырады;

24) көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды ұйымдастырады;

25) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізудің тізбесін, кезеңдерін және кезектілігін айқындайды;

26) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстар сметасын келіседі;

27) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысады;

28) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 10528 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидаларына сәйкес бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар (ұсынымдар) шығарады;

29) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері өтініш берген кезде кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі есептің болуына тексеру жүргізу жатады;

30) "Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару" мемлекеттік қызметті көрсетеді.

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) ауданның тұрғын үйлерін жылыту маусымына дайындау, пәтер иелері кооперативтеріне (бұдан әрі –ПИК) жұмыс, су тасқынына дайындау;

2) Ауданның тазалығын қамтамасыз ету және абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру, жылу-электр мен жабдықтау, сумен жабдықтау және канализация бойынша жұмыстарды бақылау, ұйымдастыру және жүргізу;

3) жерлеу орындарын күтіп-ұстау және тексіздерді жерлеу;

4) ауданның көше-жол желілеріндегі автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көлік инфрақұрылымын дамыту;

6) сумен жабдықтау, су бұру және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

7) аудандық жолаушылар көлігі мен таксидің тұрақты бағыттарына жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сай бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету;

9) ипотекалық және коммуналдық тұрғын үйлерді есепке алу және бөлу;

10) жергілікті атқарушы органның резерві есебінен шұғыл шығындарға арналған іс-шаралар өткізу;

11) елді мекендерді абаттандыру, елді мекендердің тазалық жағдайын қамтамасыз ету, елді мекендерді көгалдандыру бойынша жұмыстарды жүргізу, жерлеу орындарын күтіп-ұстау аудан көшелерімен өзге де елді мекендердегі жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

12) көлік инфрақұрылымын дамыту, барлық меншік нысандарындағы жолаушыларды тасымалдаушыларды жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігінің,

қауіпсіздік техникасымен санитарлық нормалардың талаптарына сәйкес келетін диспетчерлік қызметпен және аялдау павильондарымен (аялдамалармен) қамтамасыз ету;

13) тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылау кондоминиум қатысушыларының ортақ мүлкіне тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Тексеруді "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізу болып табылады;

14) пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум нысанын басқару нысанын таңдау рәсімінің сақтауына, ағымдағы және жинақ шоттарын ашуына ;

15) объектіде және көппәтерлі тұрғын үйдің маңындағы аумақта пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің ортақ мүлкін қолдану, күтіп ұстау, пайдалану және жөндеу тәртібінің сақталуына;

16) көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) үйге ортақ жылу, энергия, газ және су ресурстарын есепке алу аспаптарының болуы;

17) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің және оның инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық және жобалау құжаттарына сәйкес оны күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды уақтылы орындалуына;

18) көппәтерлі тұрғын үйді маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

19) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шешімдер мен нұсқамалардың орындалуына;

20) жергілікті бюджет қаражаты есебінен кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жобалау ұйымын анықтауға және жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауға конкурс өткізуге;

21) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша орындалған жұмыстардың сапасына;

22) елді мекеннің шекарасы шегінде тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газбен жабдықтау жүйелерінің тұрмыстық баллондары мен объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады.

23) Тұрғын үй инспекциясы өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қауіпті техникалық құрылғыларды, атап айтқанда 0,07 мега Паскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан астам судың қайнау температурасы кезінде (жылумен жабдықтау ұйымдары) жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандықтарын, 0,07 мега Паскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, жүк көтергіш механизмдерді, эскалаторларды, аспалы жолдарды, фуникулерлерді, әлеуметтік инфрақұрылым

объектілеріндегі лифтілерді қауіпсіз пайдалануға мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

24) Тұрғын үй инспекциясы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады.

25) Елді мекендерді электр желісімен және газ жүйесімен қамтамасыз ету үшін жобалық-сметалық құжаттарын дайындау жұмыстарын жүргізеді;

26) Құрылысы аяқталған электр және газ жүйесі нысандарының және көше жарықтарының құжаттарын рәсімдеп, елді мекен тұрғындарына электр жарығын қосу жұмыстарын үйлестіреді;

27) ауданның коммуналдық меншігіндегі электр желілерінің және газ жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

28) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

29) Елді мекендерді электр желісімен және газ жүйесімен қамтамасыз ету үшін құрылыс жұмыстарын жүргізуді үйлестіру;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаңғыбас және иесіз жануарларды аулау және олардың санын реттеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, мемлекеттік сатып алу рәсімдері арқылы мердігер ұйымдарды айқындау, аталған жұмыстардың орындалуын үйлестіру және бақылау.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) сенімхаттар береді;

- 4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады.

Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.

24. Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1. Қазығұрт аудандық "Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жарық-жол және саябақтары" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазығұрт аудандық "Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Таза су" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Қазығұрт аудандық "Қазығұрт аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Тұрғын үй және газ инспекциясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 4 – қосымша

"Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.12.2025 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі) мемлекеттік басқаруды заңнамада көзделген шекте ішкі саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт елді мекені, Д.Қонаев көшесі №95 үй, индекс 160300.

10. Осы ереже Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- Ішкі саясат, қоғамдық-саяси сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіріп отырады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1)Құқықтары:

- Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мүдделерін білдіру;

- Өзінің қызметін орындау үшін қажетті ақпараттарды мемлекеттік органдардан және лауазым иелерінен, басқа ұйымдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен сұратып алады, Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына қатысты мәселелерді

әзірлеуге қатысуға, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмысшы топтарын құрады;

- Ішкі саясат саласында Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі қызметін жетілдіру жөнінде аудан әкіміне ұсыныстар енгізеді, Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі қатысты мәселелер бойынша ақпараттық талдау және басқа да материалдар әзірлеуді жүзеге асырады;

- Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі қызмет саласына қатысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыныстар береді, оның орындалуын қадағалайды, сондай –ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін шараларға қатысады;

- Аудандық деңгейде ақпараттық саясатты жүргізуге арналған жастар саясаты мен мемлекеттік тапсырысты іске асыру жөніндегі аудандық бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асырады;

- Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін ішкі саясат, азаматтардың құқықтарын сақтау және басқа да мәселелер бойынша Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және басқа да көмектер көрсетеді;

- Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар өткізеді;

- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- Өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

- Қарамағындағы мекеменің қызметін үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;

2) Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

- Қоғамдық саяси тұрақтылықты қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттің егемендігін нығайту, қоғамдық процестерді демократияландыру және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

- Ауданда Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі және лауазымды адамдардың мемлекеттің ішкі саясатын іске асыру барысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, әкімдіктің, облыстың және аудан әкімдіктерінің, Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасының Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына қатысты мәселелер жөніндегі актілері мен тапсырмаларын орындауына бақылау жасайды;

- Қоғамда демократиялық институттарды нығайтуға, Қазақстанды дамытудың 2050 жылға дейінгі Стратегиясының негізгі басым бағыттарын түсіндіруге және насихаттауға қатысады;

- Ішкі саясат, қоғамдық-саяси сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіріп отырады;

- Ішкі саясат саласында тұжырымдамалық негіздемелер және тәжірибелік ұсынбалар, сондай-ақ Қазақстанды дамытудың ұзақ мерзімді басымдықтары, бірегей азаматтық құрылымдар негізінде қоғамды топтастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- Ауданда болып жатқан қоғамдық – саяси процестерге және оның даму барысына жан – жақты және дұрыс зерттеу, қорыту және талдау жасайды;

- Аудандық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, оны жүргізу жөнінде аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін үйлестіріп отырады;

- Аудандағы қоғамдық – саяси жағдайларды болжауға бағытталған әлеуметтік - саяси зерттеулер жүргізеді;

- Қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдармен, саяси партиялармен, қоғамдық-саяси және діни ұйымдармен, кәсіби одақтармен, БАҚ-пен, жұртшылық өкілдерімен өзара әрекеттестікте қимыл жасайды;

- Әлеуметтік даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша, білім беру және спорт, мәдениет және тілдерді дамыту салаларында мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік емес құрылымдардың қызметіндегі өзара келісілген іс-әрекетті қамтамасыз етеді;

- Аудан әкімі орынбасары жанындағы тұрақты комиссиялардың жұмысын іске асырады;

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

- Мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;

- Мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) Ішкі саяси процестерді мемлекеттік реттеуге қатысады, жергілікті Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі ішкі саясат саласындағы қызметін үйлестіріп отырады, аймақтағы қоғамдық – саяси партиялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің

қызметіне мониторинг жүргізу, талдау жасау және ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, қоғамды топтастыру, қазақстандық патриотизмді насихаттау және соған тәрбиелеу жөніндегі ұсынбалар әзірлейді және жұмыстарды ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі тапсырмаларының облыс пен аудан әкімдіктерінің, Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы қаулыларының, шешімдері мен өкімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

3) Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін мәселелер жөнінде тұжырымдамалық құжаттарды жасауға, аудан әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысады;

4) Аудан туралы, қоғамдық-саяси және экономикалық салада өкімет органдарының қызметі туралы ақпараттарды тарату жүйесін жетілдіру жөніндегі аудан әкімдігінің жұмысына қатысады;

5) Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің құзырына кіретін мәселелер бойынша Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасымен, аудан әкімі аппаратының тиісті бөлімдерімен ұйымдық және ақпараттық байланысты қамтамасыз етеді;

6) Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі атқарған жұмыстары жөнінде Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасына үнемі есеп беріп отырады.

7) Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін мәселелер жөнінде бақылауды және үйлестіріп отыруды қамтамыз етеді;

8) Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

9) Облыстық және аудандық қоғамдық –саяси, мәдени шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;

10) Ауылдық округтер әкімдерінің, ауданның мемлекеттік мекемелерінің, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттің ішкі саясаты мәселелері жөніндегі ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жүргізу барысындағы қызметін үйлестіріп отырады және бақылау жасайды;

11) Ауданның ішкі саяси өміріндегі маңызды мәселелері бойынша аудандық әкімдіктің мәжілісіне материалдар әзірлеуге қатысады;

12) Кіші Ассамблеяға және оның хатшылығына ұйымдастырушылық және әдістемелік, ақпараттық көмектер көрсетеді;

13) Ішкі саясат саласында, ұлтаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты белгілейтін, Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қамтамасыз етілуін айқындайтын тұжырымдамалар, бағдарламалар әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

14) Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің құзырына қатысты мәселелер жөнінде ақпараттық мәліметтер базасын (компьютерлік, мәтіндік) қалыптастыру, жинау, жинақтау және қорыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

15) Саяси партиялармен, ұлттық – мәдени бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен, құқық қорғау, діни және басқа да қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады;

16) Ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға және саяси процестерді демократияландыруға бағытталған облыстық және аудандық ғылыми – практикалық шараларды әзірлеуге және өткізуге қатысады;

17) Аудан әкімі аппаратының бөлімшелерімен бірлесе отырып, Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайды;

18) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары жоқ.

19. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

3) бұйрықтар шығарады және Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

4) қызметтік құжаттарға қол қояды;

5) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) Мекеме қызметкерлерінің белгіленген саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде штат кестелерін бекітеді;

7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісін және мекеменің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

8) өз құзыреті шегінде мекеменің қаражаты мен мүлкіне иелік етеді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11) Мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапкершілікті алып жүретін қызметкерлер арасындағы қызметтік міндеттерді және олардың жауапкершілік дәрежесін үйлестіреді және бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының Заңнамасында және осы ережеде белгіленген құзіретіне сәйкес бірінші басшы дара басшылық ету принципінде іс-әрекет жасайды және Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің жұмысындағы мәселелерді жеке шешеді

Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі бекіткен мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.

23. Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

"Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 5 – қосымша

"Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

2. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №2/д үй, индекс 160300.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қазығұрт ауданының әкімдігі болып табылады. Осы Ереже "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Мақсаттары:

1) белгілеген жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының, өзгертілуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарттары мен шектерін; жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін қамтамасыз ету;

2) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу;

3) шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғау;

16. Функциялары:

1) иесі жоқ жер учаскелерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) ауданның жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

4) геологиялық зерттеуге және пайдалы қазбаларды барлауға байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жария сервитуттарды белгілеу бойынша ауданның жергілікті атқарушы органы ұсыныстарының және шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

7) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

8) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

9) ауданның жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

10) елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

11) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

12) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

13) ауданның жер балансын жасау;

14) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

15) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

16) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

17) Жер кодексінің 71-бабына сәйкес ауданның жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

18) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

19) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

20) жерді резервке қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

21) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;

22) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

23) Жер кодексінің 147 бабының 2-2 тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға қатысты жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) өз құзыреті шегінде коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;

3) құзыретіне жататын аудан әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) мүдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру;

5) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінде көзделген, аудан аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасайды (істерді қарайды);

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазығұрт ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

21. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктері Қазақстан Республикасының жер қатынастары саласындағы заңнамасында анықталған "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен функциялары негізінде белгіленеді.

23. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі: сағат 9.00 – 19.00, түскі үзіліс сағат 13.00 – 15.00, аптасына бес жұмыс күні, демалыстар: сенбі-жексенбі және мереке күндері.

4. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік органның қарауындағы ұйымдардың тізбесі

"Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарауында ұйымдар жоқ.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 6 – қосымша

"Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

2. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №2/д үй, индекс 160300.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қазығұрт ауданының әкімдігі болып табылады. Осы Ереже "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Мақсаттары:

- 1) мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) кәсіпкерлікті, агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;
- 3) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау;
- 4) органикалық өнім өндіруді дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

16. Функциялары:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатының іске асырылуын жүзеге асырады;
- 2) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;
- 3) өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және соған жауапты болады;

4) өңірде шағын және орта кәсіпкерлік пен инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымы объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

5) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен, Ұлттық палатамен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындайды;

6) сараптама кеңестерінің қызметін ұйымдастырады;

7) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;

8) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туризмді дамыту туралы ақпарат жинауды, талдауды жүзеге асырады және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына береді;

11) аудандық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;

12) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

13) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне және өз бетінше туризмді дамытуға жәрдем көрсетеді;

14) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат береді;

15) аудандағы туристік маршруттар мен соқпақтардың тізілімін жүргізеді;

16) сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді;

17) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады;

18) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлейді;

19) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді;

20) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу жөнінде шаралар әзірлейді және іске асырады;

21) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асырады;

22) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

23) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 199 (бірінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 202, 204, 405 (екінші бөлігінде) баптарында көзделген, аудан аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы

істерді қарайды және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолданады;

24) аграрлық секторды басқарудың жаңа жүйелерін енгізу жөнінде ұсыныстар беру;

25) маркетингтік ұсыныстар әзірлеу (ауыл шаруашылық өнімдерін сату және өндіру);

26) шаруашылық жүргізуші субъектілерге, фермерлік және шаруа қожалықтарына техникалық сервис қызметін көрсетуді жақсартуға бағытталған бағдарламаларға қатысу;

27) аудан шаруашылықтарындағы техниканың жағдайы, сұранысы және алынған техникаларға есеп жүргізу;

28) меншік нысанына қарамастан, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі мал шаруашылығында асыл тұқымды малдардың гендік қорын сақтау, іріктеу, мал басының санын арттыру жұмыстарының перспективалық жоспарларын жүзеге асыруға қатысу;

29) меншіктің барлық нысандағы ауыл шаруашылық кәсіпорындарында аурулар мен зиянкестеге қарсы ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын улы химикаттармен өңдеу жұмыстарына қатысу;

30) ауданның ішкі сұраныстарын және одан тысқары жаққа өткеруді қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу ісін жолға қоюды ынталандыру жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру;

31) аудандағы ауыл шаруашылығында инвестиция пайдаланудың басты бағыттарын анықтау;

32) меншіктің барлық нысанандығы ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ауыл шаруашылық дақылдарын өндірудің агротехникалық шараларының сақталуына бақылау жасау;

33) ауыл шаруашылық құрылымдарының егіс алқабы, өнімділік пен валдық өнім туралы деректерін тапсыруына мониторинг жасау;

34) фермерлермен, шаруа қожалықтарының басшылары мен мамандары, ауыл шаруашылық кооперативтері, акционерлік қоғамдар, шаруашылық серіктестіктерімен агро оқу сабақтарын ұйымдастыру;

35) Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген, селекциялық жетістіктердің мемлекеттік реестріне кіргізілген жоғарғы сапалы тұқымдардың түрлерін өндіру және шаруашылық субъектілерді қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;

36) сұрыптық тұқым шаруашылық егістіктердің апробациясын өткізуге қатысу;

37) ауыл шаруашылық құрылымдарымен тұқымдардың өтпелі (көшпелі, ауыспалы) және сақтандыру қорын құруға өз құзыреті бойынша көмектесу;

38) су тұтынушылардың және су шаруашылық органдар мен су тұтынушыларға субсидиялық тарифтермен нақты қорсетілген қызметтері бойынша берілген құжаттарды тексеру және оны облыстық атқарушы органға беру;

39) ведомстволық бағынысты ұйымның қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

40) ведомстволық бағынысты ұйымның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерін қарайды, бекітеді және ҚР "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңында көзделген жағдайларда келіседі;

41) ведомстволық бағынысты ұйымның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

42) ведомстволық бағынысты ұйымға бекітіліп берілген коммуналдық мүліктің пайдаланылуын және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

43) техникалық инспекция саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Техникалық инспекция саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына сәйкес көрсетеді;

44) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

45) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) өз құзыреті шегінде коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;

3) құзыретіне жататын аудан әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) мүдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

18. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады

19. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазығұрт ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

21. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) сенімхаттар береді;
- 4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктері Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы заңнамасында анықталған "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен функциялары негізінде белгіленеді.

23. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі: сағат 9.00 – 19.00, түскі үзіліс сағат 13.00 – 15.00, аптасына бес жұмыс күні, демалыстар: сенбі-жексенбі және мереке күндері.

4. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік органның қарауындағы ұйымдардың тізбесі

Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің "Қазығұрт су шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 7 – қосымша

"Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 04.12.2025 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылыс, сәулет және қала құрылысы қатынастары саласында мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті, Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

2. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт ауылы, Абай көшесі №78 үй, индекс 160300.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қазығұрт ауданының әкімдігі болып табылады. Осы Ереже "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

- "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

- Егер "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- аудан аумағында сәулет және қала құрылысы саясатын жүргізу;
- тұрғын үйдің қол жетімді болуын көтеру, әлеуметтік-мәдени саладағы қазіргі заман талабына сай объектілерді құру;
- ауданның елді мекендерінің құрылыстық, көліктік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын кешенді қалыптастыру міндеттерін шешуге бағытталған өкілеттіктерді экология мен қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес жүзеге асыру, сәулеттік, тарихи-мәдени мұра және табиғи кешенді сақтау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тағы басқа функцияларды атқарады.

14. Өкілеттіліктері;

1) құқықтары:

- өз құзіреті шегінде ақпараттық - талдау материалдарын дайындауға және оларды облыстық мемлекеттік органдарға және аудан әкімдігіне ұсынуға;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алуға, мемлекеттік мекеменің құзырына қатысты мәселелерді әзірлеуге, қатысуға тиісті ұсыныстар әзірлеуге;
- сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын, сондай – ақ тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқығы бар;
- мемлекеттік мекемесінің құзырына кіретін құрылыс, сәулет және қала құрылысы қатынастарында азаматтардың құқықтарын сақтау және басқа да мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық – әдістемелік, ақпараттық және басқада көмектер көрсетеді;
- аудандық маңызы бар құрылыс, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтатып қою,

объектілерді кейіннен кәдеге жару жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

- өзіне жүктелген құқықтар мен міндеттерді уақытылы және сапалы жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларына сәйкес жауапты болады;

- сот органдарына қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау бөлігінде мемлекет мүдделерін қорғауға жүгінуге болады;

- сәулет және қала құрылысы саласында мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделерді қорғау мәселелері бойынша жобалау ұйымдары, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары және жобалардың мемлекеттік сараптамасы облыстық және аумақтық бөлімшелерімен өзара әрекет етуге болады ;

15. Міндеттері:

- Аудан аумағындағы құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөнінде аудан көлемінде ұсыныстар еңгізеді, мемлекеттік мекемеге қатысты мәселелер бойынша ақпараттық талдау және басқа да материалдар әзірлеуді жүзеге асырады;

- мемлекеттік мекеменің қызмет саласына қатысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыныстар береді,оның орындалуын қадағалайды, сондай – ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін шараларға қатысады;

- аудан деңгейіндегі құрылыс, сәулет және қала құрылысы қатысты мемлекеттік тапсырыстарды іске асыруға қаржыландыруды жүзеге асырады;

- мемлекеттік мекеменің құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар өткізу;

- аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

- сәулет және қала құрылысы саласында міндеттерді жүзеге асыру бөлігінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының жоспарларын әзірлеу мен келісуге қатысуға міндетті;

- құрылыстық, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді қалыптастыру міндеттерін шешуге бағытталған өкілеттіліктерді экология мен қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті;

- аудандық маңызы бар құрылыс, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтатып қою, объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдерді дайындау;

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда мемлекеттік қажеттіліктер үшін алуға және мемлекеттік мақсаттар үшін жер телімдерін ұсынуға объектілер мен кешендерді орналастыру бойынша жұмыс комиссиясында қатысу және ұсыныстар әзірлеу;

- белгіленген тәртіп бойынша қала құрылыстық, сәулет-құрылыстық және басқа да жобалық (жобалық-сметалық) құжаттардың материалдарын келісіп бекітуге дайындау;
 - жоғары тұрған ұйымдарға мемлекеттік мекеме өз құзырындағы мәселелер бойынша есептер мен ақпараттарды ұсыну;
 - "Мекенжайлық тіркелім" ақпараттық жүйесін енгізу және толтыру бойынша мониторинг;
 - тіреуіш және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелерді және жабдықтарды өзгертумен байланысты емес әрекеттегі ғимараттар бөлмелерін (жеке бөліктерін) қайта жаңартуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) рұқсат беру;
 - сәулеттік – жоспарлау тапсырмаларын беру;
 - елді мекендерде сыртқы (көзкөрімдік) жарнаманы орналастыруға рұқсат беру;
 - аудан аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекен-жайын анықтау бойынша анықтама беру;
 - мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;
 - құрылыс жобаларының жүзеге асырылуына бекітілген құрылыстық құжаттамасына сәйкес бақылауды қамтамасыз етеді;
 - жобалық жұмыстар, объектілердің құрылысы мен қайта жаңарту бойынша мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімін ұйымдастыру;
 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
 - бөлімнің міндеттерімен өкілеттіліктерін іске асыру Қазақстан Республикасының
15. Функциялары:
- заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), селолық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;
 - мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;
 - объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке олардың күтіп ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;
 - аудандық маңызы бар тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды
 - елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын және іске асыру;
 - аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

- жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендердің құрылысының жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау және бекіту;

- салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізу;

- ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

- бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы реконструкциялау туралы шешім қабылдау;

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

"Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымы бойынша аудандардың бас сәулетшісі болып табылады.

17. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазығұрт ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

- "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.

19. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

- мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- сенімхаттар береді;

- заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;
- мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктері Қазақстан Республикасының құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы заңнамасында анықталған "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен функциялары негізінде белгіленеді.

21. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі: сағат 9.00 – 19.00, түскі үзіліс сағат 13.00 – 15.00, аптасына бес жұмыс күні, демалыстар: сенбі-жексенбі және мереке күндері.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.

25. "Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 тамыздағы
№ 283 қаулысына 8 – қосымша

"Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 09.07.2025 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазығұрт

аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі №92 үй, индекс 160300.

10. Осы ереже Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі кәсіпкерлік субъектілерімен Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) аудандағы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мәдениеттік қызмет көрсетуде, мәдени құндылықтарды құру, қолдану және тарату шеңберінде аудан азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету;

3) қазақ және өзге де ұлттық мәдениеттің таралуын, дамытылуын, сақталуын және жандандырылуларын қамтамасыз ету;

4) тарихи-мәдени мұраны сақтау және оның сақталуы үшін жағдай жасау.

5) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

6) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

7) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;

8) дене шынықтыру және спорт саласын зерттеу үшін ғылыми базаны дамыту;

9) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мүдделерін білдіру;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

- қарамағындағы мекемелердің қызметін үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;

2) Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

- мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;

- мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) театр, музыка және кино өнері, кітапхана және музей ісі, мәдени-демалыс қызмет саласында ауданның мемлекеттік мәдениет ұйымдардың қызметін қолдауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

2) мәдени құндылықтарды есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; 3) ауданның сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді жүзеге асырады;

4) ауданның мемлекеттік мәдениет, спорт ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

5) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

6) ауданның мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылысы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болады;

7) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

8) ауданның мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін беру жөнінде ұсыныс дайындайды;

9) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

10) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар дайындайды;

11) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

12) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

13) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық спорттық жарыстарды өткізеді;

14) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

15) аудан аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

16) аудан аумағында аудандық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

17) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

18) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

19) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асырады;

20) аудан аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

21) аудан аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;

22) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

23) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

24) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

25) аудандық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

26) ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

27) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 729-бабы 2-1-тармағында белгіленген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру мен іс-қағаздарын жүргізеді;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен маңдайшаларды орналастыру туралы ұсыныстарға келісу немесе уәжді ескерту береді;

29) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінде басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары жоқ.

19. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады.

Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.

23. Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Қазығұрт аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Қазығұрт спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазығұрт аудандық мәдениет, тілдерді, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Қазығұрт ұлттық және ат спорты клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК